

# МӘДЕНИЕТТАНУ

*А. Құлсариева, А. Айтенова*

## ПОСТМОДЕРНИЗМ ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

«Постмодерн», «постмодернизм» терминдері тек қазіргі заманғы философия мен ғылымдар лексиконында ғана емес, сонымен қатар, жалпымәдени лексиконда талайдан бері өте кең қолданысқа енген. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында басталған «постмодерн» туралы пікірталас әлі күнге дейін қазіргі таңдағы гуманитарлық ғылым саласындағы басты тақырыптардың біріне айналып, өзінің маңызын жоймай отыр. Соған қарамастан, бұл терминнің пайда болған уақытынан бастап, дәл қазіргі күнге дейін «постмодерн» анықтамасы белгісіз күйінде қалып отыр. Олай болып қалуының себебін, өздерін «постмодернистерміз» деп атап жүрген ғалымдардың сұрақтың жауабын табуға бар күштерін салмайтындықтарымен түсіндіруге болады. «Постмодернистердің» өкілдері бұл терминнің мағынасын түсіндірмек түгілі, оны «сәтсіз журналистикалық термин», ешнәрсені түсіндірмейтін «абракадабра» деп қарап, оны қабылдаудан мүлде бас тартады.

Бірақ «постмодерн» туралы сұрақтың жауапсыз қалу себебін постмодернистерден ғана іздесек дұрыс болмас еді. Қазіргі таңдағы батыс ойшылдарының «постмодерн» және «постмодернизм» терминдеріне деген кері қарым-қатынастары, түсіндіруді талап ететін сәтсіз атауға ие болған бір заттың бейнесі секілді. «Постмодерн» туралы сұрақтың қиындығы, әрине, тек терминнің өзінде ғана

емес, дәл осы қарастырылып отырған феноменнің өзімен тығыз байланысты. Ең алдымен «постмодерннің» басты мәселесін анықтау мақсатында екі терминді бөліп қарастыруымыз керек.

Ешқандай даусыз «постмодернизм» термині шын мәнінде ешнәрсені түсіндірмейді. Ол, қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдардың жаңа философиялық-мәдени концепцияларын түсіндіретін, философиядағы жаңа, жинақталған бағыттардың атауын бейнелейтін сәтсіз термин. Осыған қарамастан ол, қазіргі ғылыми тілдің төрінен орын алып, адамдар өміріне жол таба білді. Бұл терминнің «тырнақшада» тұрғанын есте сақтай отырып, оған жүгінуге мәжбүрміз.

Егер осындай бөліп-анықтау дұрыс қабылданатын болса, онда (сақтықпен) «постмодерн» туралы сұрақты қоюымызға болады. Бұл не: анықтауды қажет ететін тарихи дамудың жаңа сатысы ма, «модерннен» кейінгі мәдени-тарихи феномен немесе жаңа дәуір ме, қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық фазасы немесе мүлде басқа нәрсе ме? Өкінішке орай, осындай сұрақ қою арқылы, біз постмодернистік стильдің түбіріне жатпайтын «модернистік парадигмаға» немесе модернистік ойлау стиліне еріксіз келіп ұрынамыз. Алға жылжи отырып «постмодерн стилі» үшін модернистік концепциялардың қабылданбайтындығын яғни, екеуі екі түрлі ұғым екенін анықтай алармыз деген үміттеміз.

Постмодерн феноменін анықтауды терминологиялық сараптамадан бастауымызға болады. «Постмодерн» (фр. «postmoderne», англ. «postmodern») орыс тіліне аударған кезде сөзбесөз «постсовременный», «послесовременный» дегенді білдіреді. Бұл аударма термин бізді қосымша қиындыққа әкеліп соқтырады. Біріншіден, орыс тілді термин «постсовременность» құлаққа жағымсыз естіледі және тіпті ғылыми тілдің маңына да жақындай алмады. Екіншіден, «постмодерн», одан да кең таралған ұғым «постмодернизм» жалпыға бірдей кең көлемде таралып, соның ішінде орыс тілінің өзінде де мойындалған. Бұл екі терминнің «постсовременность» ұғымынан тыс өзіндік мән-мағынасы бар.

Бірақ «постмодерн» оның өкілдерінің айтуы бойынша жай ғана модерннің ізін басып, жалғастырушы, тоқырауға ұшыраған «модернен» кейінгі дамып жатқан қандай да бір жағдайдың (қоғам, мәдениет, тарих, өнер) жаңа сатысы немесе фазасы емес. Егер «постмодерн» үшін уақыт модерннің негізгі конституенті екенін ескерсек, онда постмодерн – бұл уақыттан тыс, уақытқа бағынбайтын ахуал. Сондықтан «постмодерн» – бұл «дәуір», «кезең» немесе «фаза» емес, керісінше өзгеше «мәдени ахуал, жағдай». Яғни, белгісіздіктің, тұрақсыздықтың, кейінге ысыра берушіліктің ахуалы мен күйі немесе Жан-Франсуа Лиотардың сөзімен айтқанда, түп негіздің тоқырауы. Мәдениеттің, болмыстың, қоғамның «соңғы тірегі» көлеңкеленген кезде, бұл ахуал көзге көрінбей немесе мүлде жоғалып кетеді.

Ғылымның классикалық әдістемесінде кез келген зерттеліп жатқан феноменнің мазмұны туралы сұрақтың шешімі көбіне сол мәселенің генезисін қарастырумен тығыз байланысты. «Постмодерн» немесе «постмодерн ахуалы» қашан және қалай пайда болды? Бірақ бұл жерде де біздің көңілімізді көншітетін жауап табылмайды: егер «постмодерн» - дағдарысқа ұшыраған мәдениеттің күйі болса, онда ол дағдарысты бастан кешірген кез келген мәдениеттің «қалыпты» (немесе үйреншікті) жағдайы. Егер бұл терминді осы жағынан қарастыратын болсақ онда оны мәдениетпен қатар пайда болып ежелден келе жатқан мәдени құбылыс деп қабылдауымызға тура келеді. Мүмкін постмодерннің генезисін феномен ретінде емес, тек терминнің өзінен яғни, мазмұнынан бастасақ қалай болады? Тек осы жағдай да ғана ол туралы нақты бір нәрсе анықтап, айтуға болады.

«Постмодерн» термині ең алғаш 1960-шы жылдардың аяғында сәулет өнеріндегі жаңа стиль ретінде қолданысқа ие бола бастайды. 1970-ші жылдардың басынан бастап бұл стиль

бейнелеу өнерінен, поэзиядан, әдебиеттен, кинематографиядан және өнердің басқа түрлерінен көрініс таба бастады.

Өнердегі постмодернизмді түсіну үшін оны поэзиядан іздеуіміз керек. Орыс поэзиясының өкілдері Т.Ю. Кибиров, Д.А. Пригов, Л. Рубинштейн, В.В. Набоков, А.В. Соколов және т.б.

Тимур Юрьевич Кибиров 1955-ші жылдың ақпан айының 15-ші жұлдызында дүниеге келген. 1980-ші жылдардың аяғынан бастап еңбектерін жарыққа шығара бастады. Оның еңбектерінен 30-60-шы жылдардағы өлеңдерді біріктіріп, цитата жасайтындығын байқаймыз. Кибиров үшін араластыру яғни, классикалық, идеологиялық, кеңестік дәуірдегі әдебиетке цитата жасау стилі тән.

Тимур Кибировтың поэзиясынан постмодернистік стилдің барлық белгілерін табуымызға болады: тілдік плюрализм, контекстуализм, үйлесімсіздікті үйлестіруге талпыныс, юнгтік архетиптер және т.б. Т. Кибировтың шығармашылығында әлем «зұлымдықтан құралған» мағынасыз күйде бейнеленеді. Әлем өзін құтқаруды қажет етеді, ал оны қорғауды қарапайым күнделікті өмірдегі жайттарды қастерлеу арқылы жүзеге асыра аламыз.

Вот, гляди-ка ты – два капитана  
За столом засиделись в ночи.  
И один угрожает наганом,  
А второй трети сутки молчит.  
Капитан, капитан, улыбнитесь!  
Гражданин капитан! Пощади!  
Распишитесь вот тут. Распишитесь!  
Собирайся. Пощады не жди.

Кибировтың мына 8 шумақ өлеңіне мұқият назар аударсақ бір-біріне ұйқаспайтын өлең жолдарына көз жеткіземіз. Кибиров бұл өлең жолдарын 30- 60-шы жылдарда жазылған романдардан үзінді келтіріп, арасына танымал өлең жолдарын қосып құрастырған.

Тимур Кибировті ресейлік постмодернизмнің «классигі» деп атайды. Бүгінгі таңдағы әдебиет сыншыларының аузынан постмодернизм өзін-өзі жойды немесе аяқталды деген тұжырымдарды жиі естіміз. Біздің ойымызша, постмодернизм заманауи постиндустриалды дәуірде өзінің негізін қалаушы өкілдерінің арқасында ауқымды мәдени феномен және әдебиеттік ағым ретінде өмір сүруін жалғастыра береді.

Оның соңғы он жылдықта шыққан өлеңдер жинақ кітабы: «Нотации» және «Улица Островитянова» (1999), «Юбилей лирического героя» (2000), сонымен қатар, «Кто куда – а я в Россию...» (2001), «Стихи» (2005), «Три поэмы» (2008), «Стихи о любви» (2009), «Греко - и римско-кафолические песенки и потешки»

(2009), «Лада, или Радость» «2010» және т.б. Кибиров атакты классиктердің Пушкин мен Лермонтов, Тютчев пен Некрасов, Брюсов, Маяковский, Манделштам және тағы басқаларының өлең жолдарына қайта-қайта пародия жасау арқылы өзін-өзі қайталады.

Дмитрий Александрович Пригов орыс ақыны әрі суретшісі 1940-шы жылдың 5-ші қазанында Мәскеу қаласында дүниеге келіп, 2007-ші жылдың 16-шы шілдесінде дүниеден өтті. Тимур Кибировпен қатар ол поэзияда постмодернистік стилде жазушылардың қатарынан алдыңғы орынды алады. Орыс концептуалды өнерінің белді өкілі. Концептуализм – туындыны жасау барысындағы сапалылыққа емес, керісінше, оның концепциясының жаңашылдығына, туындының мән-мағынасына назар аударатын өнердегі бағыт.

Пригов әр түрлі стилдермен, жанрлармен үнемі тәжірибе жасаумен айналысты. Оның шығармашылығының басты ерекшелігі жаңашыл бейнелеушілік тәжірибиесін күнделікті өмірмен, бұқаралық мәдениетпен, тіпті китчпен байланыстыра отырып халыққа жеткізу.

Жеке өзінің туындыларын жазумен қатар, Пригов өмірден өткен атакты классиктерден бастап, қазіргі таңдағы аса танымал емес авторлардың еңбектерін өзгертіп, жиі пайдаланатын еді. Өнердің бір түрінен екінші түріне, бір жанрдан екінші жанрға үнемі ауысып отыру Приговтің өмірлік айласы болды. Сондықтан одан «сен суретшісің бе деп сұраған кезде, ол: жоқ-жоқ, мен ақынмын деп жауап береді, ал сен ақынсың ба деп сұраған кезде, ол: ия, мен ақынмын, дегенмен, мен суретшімін...» деп жауап берген екен.

Приговтың жатпай-тұрмай жаңашылдыққа ұмтылуы, жаңа нәрсені ойлап табуға деген талпынысы әдебиетке көптеген «жаңашылдықты» енгізуіне мүмкіндік берді. 1970-ші жылдары ол, поэтикалық лексикаға «дистрофик» яғни, екі жолдан құралатын өлең шумағы дегенді білдіретін терминді енгізеді. Бір қызығы осы уақытқа дейін әдебиеттану тарихында мұндай ұғым болмаған еді. Өлең шумақтар өте қысқа, шумақтары белгілі бір ырғақпен оқылатын *приговтың стиліндегідей* туындыларды көптеп кездестіре аламыз. Дегенмен, дәл Приговтай әр өлеңінің соңын белгісіздікпен, шаршаңқы, әлсіз дауысты ырғақпен аяқтайтын бірде бір ақын жоқ. Оған мысал ретінде мына өлең жолдары дәлел бола алады.

В Японии я б был Катулл  
А в Риме был бы Хоккусаем  
А вот в Росси я тот самый  
Что вот в Японии – Катулл

А в Риме – чистым Хоккусаем  
Был бы...

Бұл өлең жолдарында поэзияның мәңгілігі, поэзиядағы атакты адамдар туралы, олардың өз елдерінде қалай бағаланатындығы жөнінде айтылған. Декабристер көтерілісі кезінде жазылған бұл өлеңде сол кездегі белгілі ақын Чаадаевты ресейде бағаламай, қудалап жатқан ашы жағдаятты ашып көрсетеді. *Катулл* жапондықтар үшін маңызы жоқ тұлға болса, ал *Хоккусай* XIX ғасырдың бірінші жартысында танымал болған атакты Жапон суретшісі. Осы өлең жолдарынан көріп отырғанымыздай «*был бы, если бы*» белгісіздік сөз тіркестері постмодернистік стилдің басты белгісі.

Пригов «орыс мәдени ділін ұзақ уақыт басқарып келген апаттан яғни, жоғалып кету қорқынышының орнын тынбастан өзінің «жабайы» деп саналған туындыларының арқасында толықтырып отырды. Осындай тынбай еңбек етудің нәтижесінде төменге құлдыраудан аман-есен қалатындықтарын түсінген. Сондықтан бұл жерде бастысы жасалған заттың сапасы емес, жасалу жылдамдығы маңызды еді».

Поэзиядағы белді постмодернистердің үшінші өкілі Лев Рубинштейн ақын, эссеші 1947-ші жылы дүниеге келген. Мәскеу мемлекеттік пединститутының тіл факультетін бітіріп, сол жерде кітапханада қызмет еткен. 70-ші жылдардың ортасында ешкімге ұқсамайтын «карточкаларға жазылған өлеңдер» стилін қолданды. Осы жазу стилімен Лев Рубинштейн поэзиядағы белгілі постмодернистердің үштігін қортындылайды.

Қазіргі таңда өнерде жаңа бір стилді ойлап табу мүмкін емес. Өйткені осы уақытқа дейін стилдер қалыптасып, жасалып қойған. Сондықтан қазіргі кезде коллаж/монтаж ұғымы кең қолданылады. Постмодернизмді көбіне цитата жасаудың шеберханасы деп те атайды.

Біздіңше, постмодернистердің еңбегін бос әурешілік, ешқандай мәні жоқ құр далбаса әрекет деп санау қателік болар. Олар қалыптасып қойған бар нәрсені көшірсін, біріктірсін, бірақ соны жоғарғы деңгейде жасап, халықтың көңілінен шыға білу қиыннан да қиын еңбек. Бізді қоршаған ортамыз, қоғамымыз, өнеріміз қазіргі уақытта осы стилдің үрдісімен өрбіп келе жатыр.

1. Гуртуева Т.Б. О поэзии Тимура Кибирова – Ставрополь. 1998.

2. Ильин И.П. Постмодернизм. – М., 1996.